

Тақырыбы:

«Жоғары деңгейлі сұрақтардың
құрылуы»

Жоғары дәрежелі сұрақтар

Жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады. Оқушыларды ойлауға, ойларын қайта құруға, толғануға, шығармашылықпен жұмыс жасауға, пайымдауға, болжауға жетелейтін сұрақтар олардың жан-жақты ойлануына мүмкіндік береді. Мұғалімнің қойған сұрақтары сыныпты жұмысқа дайындап, не маңызды, не дұрыс, не дұрыс емес (бұрыс) екендігін және оны қалай жеткізіп айтуға болатындығын, сонымен қатар, кімнен және неден келіп жатқан ақпараттар, білім екендігін айқындап беруге көмектеседі.

Жоғары деңгейлі сұрақты енгізсек

- Оқушылар тапсырмаларды орындауда белсенділік көрсетеді;
- Оқушылардың өз ойларын айтуға қолайлы жағдай туғызады;
- Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады;
- Мұғалімдер оқушылардың бір-бірінің пікірлерін құрметтейтін ортаны қамтамасыз етеді;
- Сын тұрғысынан ойлауға көмектеседі;
- Сын тұрғысынан ойлаудың алғашқы қадамдарына қолайлылық тудырады.

Төмен дәрежелі сұрақтар


Оқушылардың жауап беретін сұрақтары бір немесе екі сөзбен шектелсе, ондай сұрақтар төмен дәрежелі сұрақтар болып табылады. Төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық», «жай», деп те атайды. Мысалы, «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясында бұндай сұрақтар «жіңішке» деп беріледі.

Жай сұрақтар нақты ақпараттарды қажет ететін сұрақтар болып табылады, көбінесе жаттап еске сақтауды талап етеді. Төмен дәрежелі сұрақтар ешқандай ойды топтастыра алмайды, толғаныс тудыра алмайды. Ондай сұрақтарға жауап беру үшін тақырыпты түсіну жеткілікті.

Төмен дәрежелі сұрақтарды енгізсек

- Оқушылар жай сұрақтарға жауап бергенде нақты ақпараттарды қолданады, ал сол ақпараттарға қатысты негізгі идеяның, сол фактілердің шығу себептерін түсіндірмейді және түсінбеуі де мүмкін. Себебі берілген фактілерді жаттап алып-ақ, жауап бере алады.
- Оқушылардың ойлауын шектеп, жатқа айтуға бағытталған сұрақтар оқушылардың ойлауын дамытпайды.
- жай сұрақтар оқушылардың әңгімелесуіне, яғни диалог құруына мүмкіндік бермейді, мәнерлі сөйлеуін шектейді,
- қысқа ғана жауап беруге баулиды, сол себептен шығармашылығы да дамымайды.

Блум таксономиясы



**Бенджамин Блум
(1913-1999)**

Блум, Бенджамин (ағыл. Benjamin Bloom) (1913-1999) –америкалық психолог, оқыту әдістерін зерделеген, «Блум таксономиясы» атауын алған жүйені құрушы.

Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан.

1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру.

Блум таксономиясы



Ойлау деңгейі

Сұрақтар үлгілері

Білу

- **Қарапайым сұрақтар**-Бұл сұрақтар нақты деректерді еске түсіріп, жауап беру үшін қойылады.

Түсіну

- **Анықтаушы сұрақтар**-алған ақпаратты анықтау үшін бағытталған «яғни сенің ойынша, бұл...», «мен сені дұрыс түсінем, онда...»

Қолдану

- **Тәжірибелік сұрақтар**- «Сіз қалай орындар едіңіз...?» Одан не істеуге болады..? «Егер сіз кейіпкердің орында болсаңыз қайтер едіңіз?»

Талдау

- **Интерпретациялық сұрақтар (түсіндіруші)** белгілі бір мәселелерді шешу барысында жаңа идеяларға итермелеуі мүмкін және түсініксіз іс-әрекеттердің себебін анықтауға көмектеседі (неліктен?) «НЕГЕ?», «НЕ ҮШІН?»

Жинақтау

- **Шығармашылық сұрақтар (болжам)**- «Не болды, егер де,...?» «Не өзгер еді?»..., осылай болса қайтер еді?..», «Қалай ойлайсыз, оқиға әрі қарай өрбуі мүмкін?»

Бағалау

- **Бағалаушы сұрақтар (салыстыру)**-ойлаудың эмоционалды жағын арттыру үшін бағытталған «Сіз қалай ойлайсыз?» «Неге мынау жақсы, ал мынау нашар?» «Бір кейіпкер екінші кейіпкерден несімен ерекшеленеді?»

Блум «Түймедағы»

- **1.Қарапайым сұрақтар**-Бұл сұрақтар нақты деректерді еске түсіріп,жауап беру үшін қойылады.
- **2.Анықтаушы сұрақтар**-алған ақпаратты анықтау үшін бағытталған «яғни сенің ойынша,бұл...», «мен сені дұрыс түсінем, онда...»
- **3.Тәжірибелік сұрақтар**- «Сіз қалай орындар едіңіз...?» Одан не істеуге болады..? «Егер сіз кейіпкердің орында болсаңыз қайтер едіңіз?»
- **4.Интерпретациялық сұрақтар (түсіндіруші)** белгілі бір мәселелерді шешу барысында жаңа идеяларға итермелеуі мүмкін және түсініксіз іс-әрекеттердің себебін анықтауға көмектеседі (неліктен?) «НЕГЕ?», «НЕ ҮШІН?»
- **5.Шығармашылық сұрақтар(болжам)**- «Не болды,егер де,...?» «Не өзгерер еді?»...,осылай болса қайтер еді?..», «Қалай ойлайсыз,оқиға әрі қарай қалай өрбуі мүмкін?»
- **6.Бағалаушы сұрақтар(салыстыру)**- ойлаудың эмоционалды жағын арттыру үшін бағытталған «Сіз қалай ойлайсыз?» «Неге мынау жақсы, ал мынау нашар?» «Бір кейіпкер екінші кейіпкерден несімен ерекшеленеді?»

